

2 Vishniakov V.H. Legal problems of the formation of the Eurasian Economic Community. //Journal of Russian Law. – 2011. – № 10. – pp. 126-134.

3 Treaty on the Eurasian Economic Union (signed in Astana 05.29.2014). // Retrieved from http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31565247#pos=1;-117

4 Treaty on the Establishment of the Eurasian Economic Community (signed in Astana 10.10.2000.). // Retrieved from <http://evrazes.com/docs/view/3>

5 Kozyrin A.N. Customs regulation in the Customs union of the Eurasian Economic Community: international, supranational and national levels.//Law and Economics. – 2013. – № 3. – pp. 49-56.

6 Statute of the Court of the Eurasian Economic Union. Annex No. 2 to the Treaty on the Eurasian Economic Union. //Retrieved from http://consultant.ru/document/cons_doc_LAW_163855/59c6c990db8e37a1c23e01df97ee446e834cf60b/

7 Kapustin A.Ya. The Law of the Eurasian Economic Union: approaches to conceptual comprehension. //The modern lawyer. – 2015. – № 1(10). – pp.110-115.

8 Sukharev A.Ya. (Eds.).Big law dictionary.– Moscow: INFRA-M, 2007. – 858 p.

9 The Customs Code of the Eurasian Economic Union. Annex No. 1 to the Treaty on the Customs Code of the Eurasian Economic Union (Moscow, 2017, 11 april). // Retrieved from http://consultant.ru/document/cons_doc_LAW_215315/

10 Kozyrin A.N. On the issue of the correlation of supranational and national regulation in the Customs Union within the framework of the Eurasian Economic Community. // Legal issues of the Eurasian Customs Union. – Moscow: Infotropik Media, 2012. – pp. 51-94.

11 Kashirkina A.A., Morozov A.N. International legal models of the European Union and the Customs Union: Comparative analysis. –Moscow: IZISP, 2013. – 368p.

ДҮНИЕЖҮЗІ САУДА ҰЙЫМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Мунайтбас Е.Н., Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың заң факультетінің 1-курс магистранты

«Уругвайлық раунд» көпжақты сауда келіссөздерінің ерекшелігі, ГАТТ-тың тарихында бірінші рет күн тәртібіне осы ұйымның қызметіне тікелей қатысы жоқ сұрақтың кіргізілуінде. Бұл бірінші кезекте қызметтерді сату (банктік, сақтандыру, транспорттық, құрылыс, компьютерлік), сонымен қатар интеллектуалды меншікті, садумен байланысты инвестицияны қорғау сұрақтары жатады. Одан басқа, раундтың күн тәртібіне әлемдік сауданы дамытудың қазіргі этапына ГАТТ-тың механизмінің адаптациясы және жаңашаландыруы сияқты сұрақтар енгізілді. Өзінің қызмет ету аясын кеңейте отырып ГАТТ әрекет етуші халықаралық сауда жүйесін гармонизациялайтын Дүниежүзі экономикалық ұйымға айналды [1, 305].

Қазіргі кезде әлемдік нарықта ғаламдану мен бәсекелестіктің күшеюінің тікелей талаптарына бүкіл әлем аймактануды нығайту арқылы жауап береді. Аймақтық интеграция экономикалық және саяси қиыншылықтарға төтеп берудің, мемлекеттер консолидациясының және әлемдік бәсекелестіктің шарттарына, сапаның әлемдік стандарттарына және әлемдік интеграцияға сатылап кірудің дайындықтары мен бейімделу әдістері болып табылады. Ғаламдану шеңберіндегі көпбағытты байланыстар НАФТА, Латын Америкасының Андтық елдері, Оңтүстік –Шығыс Азиядағы АСЕАН, құрылу сатысындағы ЕвразЭО трізді ұйымдарсыз мүмкін емес. Ғаламданудың әсерінен көптеген дамушы және транзитті елдерде әлеуметтік – экономикалық бағыттары ауысып, шаруашылық жүйелерінің қызметінде күрделі өзгерістер болып жатыр. Бұл сауда мен бағалар либерализациясы, кәсіпкерлік қызметтегі бостандық, мемлекеттің шаруашылық қызметінің қысқаруы, қатаң фискальды саясат.

Ұлттық шаруашылық кешендерінің бөлшектенуінің саяси және экономикалық нәтижелері, өтпелі елдер үшін неолибералды әлемдік экономикалық тәртіптің әсері сияқты түпкілікті мәселелер пайда болады. Соңғы кездегі өсімнің жоғарғы деңгейі Қазақстан нарығында билік етіп отырған шетел инвесторларының арқасында қамтамасыз етіледі. Бұл жағдай республиканың резидент еместерге тәуелділігін ұлғайтып, мұнай, газ, тау кен компанияларына шет елдермен салыстырғанда орта шамамен 3 есе аз салық салуға алып келді. Дамудың ашық үлгісіне көшу барысында ұлттық шаруашылық кешендерінің даму мәселелерін ішкі көздердің орнына сыртқы жинақтар арқылы шешу мүмкіншілігінің елесі пайда болады [2].

ЕурАзЭО аймақтағы елдердің еркін сауда жасауына, тауар алмасуына мүмкіндік туғызады. Ресеймен саяси мүддесі кереғар Украинаның өзі ЕурАзЭС-тің экономикалық ұйым екеніне баса мән беріп, оған мүше болғанын қалай ұмытамыз. Ал Қазақстанның Ресеймен саяси-экономикалық байланысы достық қарым-қатынаста дамыған. Сондықтан бізді бұл ұйымға мүше болуға итермелейтін алғышарттар көп екенін түсінуіміз керек. Жалпы интеграцияға баратын әрбір мемлекет өзінің жеке мүддесін ғана күйттесе, бұл жағдай ұйымның жұмысына кедергі келтіретіні белгілі.

Бүгінде ЕурАзЭО-ке мүше төрт елдің арасында экономикалық интеграцияға итермелейтін көптеген факторлар бар. Мәселен, Украина өзінің барлық мұнай-газ ресурстарын толығымен түгесіп, енді оны көршілерінен сатып алуға мәжбүр. Ал Ресей Украина арқылы өзінің көмірсутегінің айтарлықтай бөлігін тасымалдайды. Тағы да айтсақ, Украина Қазақстан аумағы арқылы Түрікменстан газына қол созып отыр. Біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастыру үшін бірқатар заңнамаларды үйлестіріп, тарифтер жөніндегі комиссия құрып, келісімдер әзірлеу үшін келіссөздер жүргізу қажет болатын. Осы уақытқа дейін көптеген келіссөздер өтіп, Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекеттері Кеден одағын құруға қол жеткізді.

Посткеңестік елдер үшін ЕурАзЭО-тің маңызы айрықша. Мұның көптеген себеп-салдары бар. Бұл жерде ең бірінші кезекте Кеңес өкіметі тұсында қалыптасқан экономикалық байланысымыз айрықша рөл ойнайтынын ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан бұл ұйымнан Қазақстан еш уақытта бас тартқан емес. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін одақтас елдердің арасында саяси түсініспеушіліктер орын алғанын бәріміз білеміз. Керек десеніз, кейбір түсініспеушіліктер әлі күнге дейін жалғасып келеді. Егер көршілес елдермен қырғикабақ болсақ, біз экономикамызды тығырыққа тірер едік. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғалы бері аймақтағы саяси-экономикалық ынтымақтастықтарға белсене қатысып, ұпайын түгендеумен болды. Қазіргі таңда біздер Ресейден азық-түлік өнімдерін көп экспорттаймыз. Ал олардың технологиялары сапалы емес. Біздер жаңа технологияларды батыстан тасымалдауымыз керек. Ресей технологияларының еңбек өнімділігі батыстікімен салыстырғанда 10 есеге төмен. Өз кезегінде Қазақстан Ресей нарығына шикізат өнімдерін көптеп шығарып, мол пайда табуға мән беруі керек. Бұл ретте ЕурАзЭО-тің Қазақстан үшін пайдалы екенін айта кетуіміз керек. Қазір Ресеймен арадағы сауда-саттықта дефицит бар. Ал Батыс Еуропамен арадағы сауда-саттықта профицит орын алған. Біздер Батыс Еуропа елдеріне мұнай, уран сынды қазба байлықтарымызды шығарып, шамалы қаржыға олардың технологиясын сатып алудамыз.

Кедендік одаққа мүше Ресей мен Беларусьтың арасында баға демпиндігі бар. Ал бізде бұл жоқ. Бұл экономика тілінде бағаның тым арзандығын білдіреді. Мәселен Беларусьта колхоздар әлі күнге дейін сақталған. Сол себепті оларда ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасы төмен. Ал Ресей ауылшаруашылығына қомақты қаржы бөліп қолдау көрсетіп келеді. Ресей мен Беларусьтың ауылшаруашылығында еркін, әділ сауда қалыптаспаған. Ал біздің фермерлер нарықтық жағдайға бейімделген, мемлекеттен қаржы алмайды. Осы себепті оларды Дүниежүзілік сауда ұйымы өз қатарына қабылдамай отыр. Олар мемлекеттің қаржылай қолдауына ие болған ауылшаруашылық өндірушілері басқа елдің жер емген шаруаларын басып тастайды деп қауіптенеді.

Кедендік одаққа мүше болғаннан кейін мұндай қауіп біздің шаруаларға да төнуі мүмкін. Қазақстанның Кедендік одаққа мүше болуы біздің теміржол саласы мен мұнай экспортына жаңа мүмкіндіктер ашты. Жүк, қазба байлықтарын тасымалдауда көптеген жеңілдіктерге ие боламыз. Жалпы, Кедендік одақтың құрылуына мүше мемлекеттердің ішіндегі кейбір ведомствалық органдар қарсылық білдіруі мүмкін. Айталық, біздің мұнайымызды тасымалдау арқылы пайда тауып отырған Ресейдің тасымалдаушы компаниялары өз қарсылықтарын білдіретіні анық. Тіпті, мұндай дүрдараздық жақында ғана Ресей мен Беларусьтың арасында орнағанына куә болдық. Отын-су энергетикасын тасымалдау саласындағы түсініспеушіліктерге бола ұйымды ешқандай мемлекет орға жықпасы анық. Бұған ЕурАзЭС-ке мүше елдердің басшылары да жол бермейді.

Бүгінде 180 миллиондай адамдық ірі рынокты құрайтын Кедендік одаққа мүше елдердің өнеркәсіптік табысы 600 млрд. долларға жеткен, тек қана мұнайдың резервтік 90 млрд. баррель қоры бар. Ал ауыл шаруашылығының жалпы көлемі 112 млрд. долларға жетіп, әлемдегі бидай экспортының 12 пайызына иелік етуде.

Ғаламдану жағдайындағы мемлекеттің негізгі басымдылығы – ұлттық экономиканың дамуына ықпал ету. Осы мақсатқа жету үшін әлемдік шаруашылыққа, оның ішінде Дүниежүзі сауда ұйымына, интеграциялануындағы тәуекелділіктерін мейлінше азайту қажет. БСҰ әрекетінде неолибералды ғаламдану ойлары басым. Сонымен қатар ДСҰ - әлемді бірыңғай нарыққа айналдырудың, кедендік тежеулерді азайтудың және әр түрлі елдердегі экономикалық заңдардың біртектіленуінің маңызды құралы. ДСҰ қаржы, тауарлар және еңбек ресурстарының еркін қозғалысының жалпы қабылданған

біртекті ережелері мен қағидаларға ие ғаламдық экономикалық интеграцияны қамтамасыз ете алатын Дүниежүзі еркін сауда аймағын құруға бағытталған.

Қазақстанды ДСҰ-на тез кіруіне итермелей отыра, оның жақтастары бұл отандық экономиканың антидағдарысты дамуына, инвестицияның құйылуына, сауда кедергілерін жеңуге және халықтың әл-ауқатының өсу факторларына қол жеткізуге болатынын айтады. БСҰ-ға мүшелікке енудің бірден бір шарты – сауданың халықаралық талаптарын ұстану және ұлттық тауар өндірушілер үшін қатаңырақ бәсекелестік ережелерінің болуы.

АҚШ, ЕО әлемдік сауда аймақтары БСҰ-да өз басымдылығын танытып, өздеріне пайдалы мүдделерді бекітуде.

Міне, сондықтан ЕврАзЭЖ мүшелері БСҰ-на кіру кезінде өз мүдделерін келістіре қорғай білуі керек. Жалпы алғанда, постсоциализм елдеріне, соның ішінде Ресей мен Қазақстан үшін де, БСҰ қағидасындағы «халықаралық өндірістің» ғаламдық үлгісінде перифериялық шикізат көзі ретіндегі белгілі рөл берілген.

Мәселе мұндай жағдай ЕврАзЭЖ елдерінің қалауына сай келетіндігінде. Қазіргі кездегі сипатқа ие ғаламдану үлгісі – ЕврАзЭЖ елдерінің, соның ішінде Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне төнген сыртқы қауіптердің ең бастысы. ДСҰ – на ену мәселесін байыппен, сатылап шешу қажет [3]. ДСҰ тауарлар мен қызметтерді халықаралық сату саласында ары қарай келіссөздер жүргізудің құқықтық негізін құрайды. ДСҰ-ның құқықтық нормалар мен ережелерден тұратын жарғысы жоқ.

ДСҰ құқықтық негізі болып: көптеген жаңа келісімдер, шешімдерден, келіссөздерден тұратын 1994 жылғы ГАТТ, сонымен қатар Қызметтерді сату туралы Бас келісім табылады. Интеллектуалды меншік құқығының сауда аспектілері туралы Келісім.

ДСҰ халықаралық сауда саясатының барлық салаларын және халықаралық коммерциялық тәжірибенің әжептеуір бөлігін алып жатыр, атап айтқанда:

1. кедендік-тарифтік реттеу;
2. антидемпингтік реттеу және компенсациондық пошлиналарды қолдану;
3. субсидияларды және компенсациондық шараларды қолдану;
4. тарифтік емес шектеулер;
5. экспорт пен импортты лицензиялау және сандық реттеу, экспорт пен импортқа қойылатын шектер;
6. мемлекеттік сауда кәсіпорындарының іс-әрекеті;
7. кедендік одақтар және еркін сауда зоналары;
8. ішкі салықтар, ішкі саудаға қатысты ережелер;
9. саудадағы қорғану шаралары;
10. саудадағы техникалық барьерлар;
11. санитарлық және фитосанитарлық шаралар;
12. тауардың шығу ережесі;
13. қызметтерді сату;
14. интеллектуалды меншік құқығын қорғаудың сауда аспектілері, жасанды тауарлар саудасын қосқандағы;
15. маталармен және киім саудасы;
16. ауылшаруашылық өнімдері саудасы;
17. үкіметтік сатып алуларын қамтамасыз ету;
18. азаматтық авиатехниканы сату;
19. инвестициондық шараларды сату аспектілері;
20. халықаралық сауда және қоршаған ортаны қорғау.

Дамушы елдерге арналған арнайы жағдай дамушы елдерге көмек көрсетумен және олардың тауарларының әлемдік нарыққа шығуына тиімді ыңғайлы жағдай жасау, сонымен қатар осы елдерді басқа сауда барьерларынан және тарифтерді қолдану немесе өзаралық міндеттемсін қысқартудан босатады. Токиялық раундтың нәтижесінде дамушы елдерге төмен дамыған елдерге арналған арнайы сауда режимі қолданылатын жалпы преференциялар жүйесінің режимі туралы ережені қабылдады [4].

ДСҰ мақсатын анықтау барысында перспективаға саудаержелерін жаңашаландыру арқылы тауарлар мен қызметтердің ары қарайғы либерализациясы бірінші кезекке қойылады. Бұл мақсатты түсінуде ең алдымен проблема келесілерден тұрады: бір топ елдер «Уругвайлық раунд» кезеңінде алынған либерализация жөніндегі өздерінің міндеттемелерінің өсуіне қызығушылық тудырмайды, ал келесілері керісінше кедендік тарифтерді төмендетуді тездету және кеңейтуді ұсынады. Осыған «Уругвайлық раундта» осы жүз жылдықтың соңына дейін бәсекелестік саясаты және

инвестицияларды реттеу, қызметтер, ауыл шаруашылық салаларындағы міндеттемелер туралы келісімдерді бастауды қосуға болады.

Инвестицияларды реттеу облысындағы ең негізгі міндет саудадағы бар көпжақты ережелерге сай көпжақты ережелерді құрау жатады. Жекелеген сектордағы шараларға қосымша ретінде ДСҰ шегіндегі инвестицияға жалпы көлемдегі тұрғыда қажет. Қазіргі кезде тіпті шетелдік инвестицияларға қатысты ұлттық режимдерді дискриминациялау және потенциалды сәйкес келмеу сияқты көпжақты шектер жоқ.

Бәсекелестік саясатын реттеуге келетін болсақ, сауда либерализациясы шегінде оның мәні артады, немесе мемлекеттік шараларға тәуелсіз компаниялардың өздері құрайды.

Қазіргі жағдайда ең негізгі мәнді мемлекеттік сатып алулармен байланысты, яғни саудадан табыс және шикізаттарға әлемдік бағаның әсер етуі сияқты халықаралақ саудадағы коррупция алады. Индустриалды елдер өздерінің ашық нарық жағдайын сақтап қалуы қажет және оларды болашақта көбірек либерализациялауы қажет. Дамушы елдер либерализациондық реформалар жолымен жүруін жалғастыруы қажет және жаһандық жүйеге интеграциялануды жалғастыруы қажет. Индустриалды және дамушы елдер төмен дамыған елдердің жағдайына қарағанда өздерінің жағдайын жақсарту үшін бірге жұмыс істеуі қажет. Бұл міндетті орындау құралы ретінде төмен дамыған елдерден тауарлар мен қызметтердің сыртқы нарыққа еркін шығуын қамтамасыз ету, көрсетілген елдерде шетелдік инвестиция үшін режимдерді жақсарту, олардың аймақтық қызмет етуін және соңғысының тауарларына байланысты жұмсақ ережелер қолдану [5].

1996 жылы Сингапурде өткен бірінші Конференцияда директивті сипатта емес шектік сипатқа ие мүше елдер үшін бағдарламалық құжат болып табылатын декларация қабылданды. Онда ұйымның масштабты мақсаты анықталған болатын. Конференция өзінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде «дамушы, төмен дамыған елдер және көшпелі экономика елдерінің интеграциясын әлемдік сауданы реттеудің көпжақты жүйеге айналдыруға» дайындықты анықтады.

Негізгі мәнге сыртқы экономикалық қызметтің көпжақты негізіндегі жаңа әдістер туралы сұрақ ие болды. Оларға көбіне келесілерді жатқызуға болады:

- батыс елдерінде еңбек және экологиялық стандарттармен қабылданған, бұл стандарттар төмен елдер өндірістің төмен шығынын алатын бәсекелестік нарықтық емес артықшылығы бар болуын негіздей отыра, сауда режимдерінің және сауда шарттарына келешекте міндеттеу; БСҰ мұндай нормаларды қабылдаған жағдайда, яғни бұл стандарттарды протекционистік мақсатта қолдануда қиын жағдайға Батсқа қарағанда еңбек және экологиялық ресурстары арзан дамушы елдер қалады;

- мемлекеттік сатып алулардың көлеңкелі болмауына шаралар қолдануды қамтамасыз ету, көбіне мемлекеттік сатып алулар шынайы бәсекелестік принцип бұзып фаворит фирмаларға бөлінеді [6].

1998 жылы Женева қаласында өткен ДСҰ екінші Конференциясында, 1999 жылдан бастап ауыл шаруашылықтағы еңбектің өнімділігінің өсуін ұстап тұрған тарифтер мен субсидияларды төмендету туралы; өнеркәсіптік тауарларға пошлинаны қысқарту; осы мақсатта жекелеген секторлармен келісімге отыру; бірнеше салаларға байланысты жеңілдіктер ұйымдастыру сияқты келіссөздер жүргізу басталды. Дамушы елдер ДСҰ ауыл шаруашылық, текстиль саудасы, антидемпинг, жұмыс күші миграциясының еркіндігі, өнеркәсіптік өнімдерге пошлинаны қысқарту сияқты мәселелерге ерекше қызығушылық тудырады.

Халықаралық нарыққа кеңінен қол жеткізуге мүмкіндік беретін ДСҰ-ға мүшеліктің артықшылықтары айтылған нұсқаулардың шеңберінде сауда жасау міндеттемелерінің және ұйымның басқа мүшелерінің заңды шығарған өнімдерінің отандық нарыққа келуіне рұқсат берудің теңдестірілуі. Тамақ өнімдері, ауыл шаруашылығының және балық шаруашылығының өнімдері жағдайында бұл ереже Санитарлық және Фитосанитарлық шаралар жөніндегі БСҰ Келісімінен (СФК) алынады. Бұл нысандар тірі жануарлармен (балықты және құстарды қоса алғанда) және олардың туынды өнімдерімен; тірі өсімдіктермен, астық дақылдарымен, жеміспен, көкөніспен және басқалармен; және тіпті орауға арналған ағаш материалдармен бүкіл дүниежүзілік сауда жасаудың негізі болып табылады. Қазақстан өзінің ұлттық бақылау жүйесінің және адамның өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау шараларының, сондай-ақ тамақ қауіпсіздігінің, гигиеналық тамақ өнімдерін, ветеринарлық препараттар мен пестицидтер, орамалар және басқалар өндірудің БСҰ СФК Келісіміне сәйкес келуін қамтамасыз етуге тиіс.

Ауыл шаруашылығындағы тамақ өнеркәсібі жұмыстарының тамақ өнімдері қауіпсіздігінің стандарттары мен практикасына және БСҰ-ның үш еншілес ұйымдары: Алиментариус Кодексінің, Эпизоотиканың Халықаралық Офісінің және Өсімдіктерді Қорғаудың Халықаралық

Конвенциясының (Codex, OIE және IPPC) ережелері мен стандарттарына сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін, егер талап етілсе, тамақ өнімдері жөніндегі заңнаманың барлық аспектілерін мұқият тексеріп, түзетулер енгізу қажет.

Дегенмен, ДСҰ СФК ережесі Қазақстанға қазіргі халықаралық стандарттардан, нұсқаулар мен ұсыныстардан басқа, қорғаудың неғұрлым жоғары деңгейіндегі (яғни неғұрлым сақтандырушы) нақты ұлттық талаптарды немесе стандарттарды қолдануға немесе сақтауға міндетті түрде тыйым салмайды. Алайда, егер солай жасалса, Қазақстан олардың адамның денсаулығы мен өмірін, жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау үшін қажеттігін және ДСҰ-ның басқа мүшелеріне қарсы негізсіз кемсітушілік немесе халықаралық сауданы шектеу ретінде пайдаланылмайтынын көрсетуге тиіс.

ДСҰ СФК және СТК («Саудадағы техникалық кедергілер») арасындағы Келісімдердің жалпы принциптері мен өзара қатынасы және Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық туралы қазақстандық осы Заңмен өзара іс-қимылы жобамен жарияланған осының алдындағы брошюраларда сипатталды. СФК-нің Келісімнің талаптарын орындауы елеулі және күрделі міндет болып табылады. Құқықтарды қорғау және міндеттемелерді орындау үшін оны неғұрлым тиімді пайдалану мен әлеуетті барынша дамытуда Келісімді мұқият зерделеу қажет.

Интернет арқылы электронды ақпараттарды берудегі кедендік тарифтарға бір жылдық мараторий жариялау туралы шешім қабылданған болатын. 1998 жылдың мамыр айында ДСҰ мүше елдер электронды операцияларға кедендік салым енгізбеуге келіскен болатын [7].

1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап Дүниежүзі сауда ұйымының шегінде бірнеше миллиард долларға үкіметтік контрактілерге көптеген шетелдік компаниялар доступ алуы туралы Келісім күшіне енген болатын. Қызметтерді көрсету туралы контрактілерге алғашқы рет заказ беруші болып екінші деңгейдегі билік органдары (штаттар, провинциялар, департаменттер және т.б.) және коммуналдық қызметтер енгізілген.

Келісім 20 жуық елге оның ішінде АҚШ, 15 ЕО мүшелеріне, Япония, Корея, Швейцариямен ратификацияланады. Сингапур және тағы басқа көптеген елдер оған қосылғысы келеді.

1997 жылдың желтоқсанында Женева қаласында БСҰ шегінде қаржылық қызмет нарығын либерализациялау туралы көпжақты Келісімге қол қойылды. Оның шарты бойынша 100 ге жуық мемлекет 1999 жылдан бастап өздерінің қаржылық нарықтарын әр түрлі деңгейде ашықтығын қамтамасыз етуді міндеттеді. Банктік және сақтандыру келісімдері, бағалы қағаздармен операциялар іске асатын нарық көлемі триллион долларға бағаланып отыр [8].

«Дүниежүзі Сауда Ұйымына мүше болу үшін ауыл шаруашылығына қолдау шаралары көрсетілмейді, субсидия беруге болмайды, өйткені, оған мүше басқа мемлекеттер ондай қолдау көрсетпейді. БСҰ-на мүше елдердің барлығы дерлік өздерінің ауыл шаруашылығы саласына қолдау көрсетіп, субсидия береді. Олар үшін ондай талаптар бар. Ал, жаңадан мүше болатындарға ондай жеңілдіктер бергісі келмейді. Мысалы, «Еуропа өздерінің тауарларына сұраныс болмай қалады» деп қауіптенгендіктен, жаңадан мүше болатын елдердің ауыл шаруашылығына субсидия беруіне қарсы. Ал, атап айтар болсақ, ең көп субсидия жасайтын мемлекеттер – сол Еуропа елдері. Ол елдер өздерін қолдап, біздің ондай қолдаудан тыс қалғанымыз пайдалы дегенмен, жаңадан мүше болғысы келетін мемлекеттердің де бұрыннан мүше елдердікіндей мүмкіндіктерге ие болғысы келетіні түсінікті ғой. Демек, ДСҰ-на мүше болып кіру үшін өзіміздің ауыл шаруашылығы болсын, басқа да қолдауды қажет ететін салаларымызды қолдап кіруіміз қажет немесе кірмес бұрын бәсекелестікке дайын болып барып мүше болуымыз керек [9].

БСҰ – өздерінің ішіндегі тауар өндірісін қорғау үшін жасалған ұйым. Онда бәрі тек нарық арқылы шешіледі, барлығы бірдей деп қарауға болмайды. Әрқайсысының өзіндік бір артықшылығы бар, ерекше шарттары бар. Біздің де сондай шарттарға ие болып барып, мүше болғымыз келеді. Сол себептен сегіз жыл бойы әр мемлекетпен бөлек саудаласып келеміз. Мәселен, кезінде Қырғызстан ондай шарттарды дұрыс қоймай, бүгін қиналып отырған жайы бар. Асығыстықтан ұтылып қалды. Ал, Қытай олай емес, өзінің белгілі бір талаптарын қорғап қалды.

Ал, ұйымға кіру экономика үшін қажет. Бір жағынан шектеу болғанмен, үлкен мемлекеттердің сауда алаңы ашылады. Кез-келген тауарымызды алып барып, баж салығын қоспай, сатуымызға мүмкіндік туады [10]

Қолданылған әдебиеттер:

1 Международные экономические отношения. Учебник. Под общей ред. В.Е. Рыбалкина. - М.: ЗАО "Бизнес-школа "Интел-Синтез", Дипломатическая академия МИД РФ, 2001. - 487 с.

2 Государственное регулирование рыночной экономики: Учебник для вузов/ Под общей ред. Кушлина В.И., Волгина Н.А. - М.: ОАО НПО "Экономика", 2000. – 574 с.

3 Қабдуақыт, С. К. Қазақстан экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне интеграциясы. ДСҰ енуінің мәселелері // ҚарМУ. Трансформациялық экономика жағдайындағы мемлекеттердің дүниежүзілік экономикалық жүйеге интеграциясы: Халықар. ғылыми-тәжірибелік конф. матер. 18-19 қараша 2004 ж. – Қарағанды, 2004. - 632 б.

4 Алшанов Р. Бүкіләлемдік сауда ұйымы және Қазақстан // Егемен Қазақстан. - 2005. - 4 ақпан. - №22. – Б. 8.

5 Интеграция в торговлю. Вестник внешних экономических связей РБ. //ВОСТОК+ЗАПАД. – 2002. - №4. – С. 22-24.

6 Фридкин Л. Вступление в ВТО: 3-й раунд//НЭГ. – 2001. - №7. – С. 19-23.

7 Батанин В.В. Проблемы интеграции стран с переходной экономикой в Международную торговую систему//БИКИ. –1999. - № 16. – С. 29-33.

8 Новожилова Е.С. Что сулит ВТО//НЭГ. – 2000. - №16. – С. 41-44.

9 Правовая система ВТО, положения по ТРИПС //Вестник экономики. – 2007. - №6. – С. 32-36.

10 Набиев Е.Н., Базарова С.К. Развитие интеграционных процессов и присоединение Республики Казахстан к ВТО. Интеграция в мировую экономическую систему стран с трансформационной экономикой//Материалы международной научно-практической конференции.- Караганды, 2004. – 523 с.

ПРАВО НА НЕПРИКОСНОВЕННОСТЬ ЧАСТНОЙ ЖИЗНИ В КОНТЕКСТЕ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ТЕРРОРИЗМУ

*Старожилова Н.П., старший преподаватель КарГУ имени Е.А. Букетова
Муханова Александра, студент 1 курса юридического факультета*

Право на неприкосновенность частной жизни является личным, естественным, неотчуждаемым правом каждого человека. Данное право закреплено в ряде международных документов и практически во всех Конституциях современных государств, что подтверждает признание его мировым сообществом. Анализируя соответствующие положения Всеобщей декларации прав человека 1948 года (ст. 12), Международного пакта о гражданских и политических правах 1966 года (ст. 17), Конвенции о защите прав человека и основных свобод 1950 года (ст. 8), принятой в рамках Совета Европы, можно заключить, что произвольное и незаконное вмешательство в личную и семейную жизнь человека, посягательство на неприкосновенность его жилища или тайну его корреспонденции, посягательство на его честь и репутацию являются недопустимыми. Еще одним свидетельством того, что права человека, в принципе, уже вышли из рамок исключительной внутренней компетенции государства, является создание ряда контрольных органов на международном уровне, которые были учреждены на основании различных международных договоров, Конвенций. Комитет по правам человека, учрежденный Международным пактом о гражданских и политических правах, Комитет по ликвидации дискриминации в отношении женщин, учрежденный Конвенцией о ликвидации всех форм расовой дискриминации в отношении женщин, Комитет по правам ребенка, учрежденный Конвенцией о правах ребенка созданы для рассмотрения индивидуальных жалоб на предполагаемые нарушения прав, закрепленных в вышеназванном Пакте и Конвенциях соответственно. Учреждение и функционирование таких контрольных органов, как Комитеты является, своего рода, правовой гарантией обеспечения соблюдения прав и основных свобод человека, в том числе и права на неприкосновенность частной жизни.

Содержание права на неприкосновенность частной жизни раскрывается в статье 18 Конституции Республики Казахстан. Сюда входят такие права человека, как право на личную и семейную тайну, защиту своей чести и своего доброго имени, право на тайну личных вкладов и сбережений, на тайну переписки, телефонных переговоров, почтовых, телеграфных и иных сообщений, а также право на неприкосновенность жилища [1]. Следует отметить, что правовой гарантией реализации права на неприкосновенность частной жизни в Республике Казахстан является Закон от 21 мая 2013 года № 94-V «О персональных данных и их защите», в статье 21 которого установлено, что защита персональных данных осуществляется путем применения комплекса мер, в том числе правовых, организационных и технических, в целях реализации прав на неприкосновенность частной жизни, личную семейную тайну, соблюдения их конфиденциальности и предотвращения незаконного их